

"1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Эмба полигонын (5580 сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы) пайдалану және жалға беру шарттары туралы келісімнің және 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Ембі сынақ полигонын (5580 сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы) жалдау туралы шарттың қолданысын тоқтату жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 786 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Эмба полигонын (5580 сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы) пайдалану және жалға беру шарттары туралы келісімнің және 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Ембі сынақ полигонын (5580 сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы) жалдау туралы шарттың қолданысын тоқтату жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі
Жоба

Б. Сағынтаев

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ 1995 жылғы 20 қаңтардағы
Қазақстан Республикасы мен Ресей
Федерациясы арасындағы Эмба полигонын (5580 сынақ жұмыстарын
қамтамасыз ету базасы) пайдалану және жалға беру шарттары
туралы келісімнің және 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің
арасындағы Ембі сынақ полигонын (5580 сынақ жұмыстарын
қамтамасыз ету базасы) жалдау туралы шарттың қолданысын тоқтату
жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей
Федерациясы арасындағы хаттаманы ратификациялау туралы**

2016 жылғы 20 қазанда Мәскеуде жасалған 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Эмба полигонын (5580 сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы) пайдалану және жалға беру шарттары туралы келісімнің және 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Ембі сынақ полигонын (5580 сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы) жалдау туралы шарттың қолданысын тоқтату жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Қазақстан Республикасының Президенті 1995 жылғы 20 қаңтардағы
Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Эмба
полигонын (5580 сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы)
пайдалану және жалға беру шарттары туралы келісімнің және 1996
жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясы Үкіметінің арасындағы Ембі сынақ полигонын (5580
сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы) жалдау туралы шарттың
қолданысын тоқтату жөніндегі шаралар туралы Қазақстан
Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы
ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы,
1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы
арасындағы Эмба полигонын (5580 сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы)
пайдалану және жалға беру шарттары туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) және 1996
жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы
Үкіметінің арасындағы Ембі сынақ полигонын (5580 сынақ жұмыстарын қамтамасыз
ету базасы) жалдау туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) ережелерін назарға ала отырып,
1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена
конвенциясы 54-бабының b) тармағын негізге ала отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісім мен Шарт өз қолданысын 2017 жылғы 1 қаңтарда тоқтатады.

2-бап

Келісімнің 5-бабына сәйкес құрылған бірлескен комиссия Келісім мен Шарт қолданысын тоқтатқанға дейін жер учаскелерін, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті қабылдау-беруді жүзеге асырады.

Ресей Федерациясы Қазақстан Республикасына жер учаскелерін, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті олардың амортизациясын ескере отырып, одан әрі пайдалану үшін жарамды жай-күйде береді.

Жалға алынған мүлікті одан әрі пайдалану үшін жарамды жай-күйде қайтару мүмкін болмаған жағдайда Ресей Федерациясы Қазақстан Республикасына мүліктің жалға алу мерзімі аяқталған кездегі тозуын ескере отырып, құндық баламасын өтейді.

3-бап

Келісім мен Шартқа сәйкес міндеттемелерді орындамау, ішінара орындамау немесе тиісінше орындамау бойынша Тараптар арасындағы барлық өзара наразылықтарды Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес Тараптардың қорғаныс министрліктері реттеуі тиіс. Жер учаскелерін, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті қабылдау-беруді бірлескен комиссия тиісті актілерге қол қою арқылы жүзеге асырады.

4-бап

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар өзара консультациялар мен келіссөздер арқылы шешеді.

5-бап

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама өз қолданысын Келісім мен Шарт қолданысының тоқтатылуымен бір мезгілде тоқтатады.

2016 жылғы 20 қазандағы Мәскеу қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін